

**"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне шифрлық байланыс мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 30 қарашадағы № 1405 Қаулысы  
Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**  
«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне шифрлық байланыс мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасы Парламентінің карауына енгізілсін.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*  
*Премьер-Министрі                      К. Мәсімов*  
Жоба

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
ЗАҢЫ Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне  
шифрлық байланыс мәселелері бойынша өзгерістер мен  
толықтырулар енгізу туралы**

**1-бап.** Қазақстан Республикасының мынадай заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. «Мемлекеттік құпиялар туралы» 1999 жылғы 15 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., № 4, 102-құжат; 2001 ж., № 8, 53-құжат; 2002 ж., № 15, 147-құжат; 2004 ж., № 6, 41-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; № 9, 67-құжат; № 20, 152-құжат; 2009 ж., № 24, 122, 128-құжаттар; 2010 ж., № 3-4, 11-құжат; № 7, 32-құжат; 2011 ж., № 1, 7-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат):

14-баптың 10) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:  
«10) президенттік, үкіметтік немесе өзге де арнаулы байланыс пен ақпарат түрлерінің жүйелері, мемлекеттік шифрлар, кодтар, оларды талдаудың әдістері немесе құралдары, кодтау, құпияландыру, шифрлау құралдары туралы мәліметтер;».

2. «Байланыс туралы» 2004 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2004 ж., № 14, 81-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; № 15, 95-құжат; № 24, 148-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; № 3, 20-құжат; № 19, 148-құжат; 2008 ж., № 20, 89-құжат; № 24, 129-құжат; 2009 ж., № 15-16, 74-құжат; № 18, 84-құжат; № 24, 121-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 24, 146, 150-

құжаттар; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат):

1) 2-бап мынадай мазмұндағы 49-1), 49-2), 49-3) және 49-4) тармақшалармен толықтырылсын:

«49-1) шифрлау жұмысы – тиісті шифрлау құралдарын пайдалана отырып шифрланған, құпияландырылған және кодталған байланыс желілері арқылы жіберілуге тиіс Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпияларын құрайтын мәліметтерді қорғауға бағытталған Қазақстан Республикасының уәкілетті мемлекеттік органдары, әскери басқару, ұлттық қауіпсіздік және ішкі істер органдары жүзеге асыратын құқықтық, ұйымдастырушылық және техникалық шаралар жиынтығы;

49-2) шифрланған байланыс – қол шифрларын, шифрлау машиналарын, желілік шифрлау аппаратураларын және есептеу техникасының арнаулы құралдарын пайдалана отырып қорғалған байланыс;

49-3) құпияландырылған байланыс – құпияландырушы аппаратураны пайдалана отырып қорғалған байланыс;

49-4) кодталған байланыс – кодтау құжаттары мен техникаларын пайдалана отырып қорғалған байланыс;»;

2) 21-баптың 7-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«7. Ортақ пайдаланылатын телекоммуникация желілерін негіз ретінде пайдаланатын арнаулы мақсаттағы телекоммуникация желілері Қазақстан Республикасының уәкілетті мемлекеттік органдарының, әскери басқару, ұлттық қауіпсіздік және ішкі істер органдарының қажеттіліктерін қамтамасыз етуге арналған.

Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, арнаулы мақсаттағы телекоммуникация желілерін өтеулі байланыс қызметтерін көрсету үшін пайдалануға болмайды.»;

3) 23-бапта:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Үкіметтік байланысты Қазақстан Республикасының Президенті бекітетін тәртіппен ұлттық қауіпсіздік органы қамтамасыз етеді.

Байланыс операторлары үкіметтік байланыстың техникалық мүмкіндіктері мен жарактануын есепке ала отырып, ортақ пайдаланылатын телекоммуникация желілерін жаңғыртуды және дамытуды Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік органымен келісе отырып жүргізеді.

Үкіметтік байланыс жүйесі, шифрланған, құпияландырылған және кодталған байланыс Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен қамтамасыз етіледі.»;

мынадай мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылсын:

«1-1. Қазақстан Республикасының уәкілетті мемлекеттік органдарында, әскери басқару, ұлттық қауіпсіздік және ішкі істер органдарында шифрлау жұмысын ұйымдастыру тәртібін және үкіметтік байланысты қамтамасыз ету тәртібін Қазақстан

Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті әзірлейді.»;  
2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Қазақстан Республикасының уәкілетті мемлекеттік органдарында, әскери басқару, ұлттық қауіпсіздік және ішкі істер органдарында шифрлау жұмысын ұйымдастыру тәртібін Қазақстан Республикасының Президенті бекітеді.».

**2-бап.** Осы Заң алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Президенті*

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*